

№ 3 дәріс

Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Кәсіпорындағы ЕҚ жай-күйін қадағалау және бақылау қызметін ұйымдастыру.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы *мемлекеттік басқаруды, бақылау мен қадағалауды* Қазақстан Республикасының Үкіметі, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік қадағалау органдары өздеріне бекітілген өнеркәсіп өндірістерді қадағалайды. Қазақстан Республикасының еңбек құқығының негіздері бойынша техника қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын және өндірістік санитарияны сақтауды кәсіподақ және мемлекеттік органдары мен инспекциялары іске асырады.

Мемлекеттік техникалық қадағалау өндірістік және тау жұмыстарының қауіпсіздігін қадағалайды. Сонымен қатар ол қазандықтарды, 0,7 атм жоғары қысымдағы ыдыстарды (булы қазандықтар, сығылған және сұйытылған газ баллондары) қадағалайды. Ол инспекциялық іс-әрекеттердің бірнеше түрін, яғни тау жұмыстарын, қысымдағы ыдыстарды, бумен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыстық суды тасымалдайтын құбырларды, көтергіш құрылымдарды және механизмдерді қадағалайды.

Мемлекеттік санитарлық қадағалау ҚР Денсаулық министрлігінің мемлекеттік санитарлық инспекциясымен, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларының жүйесі арқылы жүргізіледі. Олар кәсіпорындарды жобалағанда, салғанда, қайта жөндеуден өткізгенде гигиеналық нормаларының және санитарлық ережелерінің сақталауын қадағалайды.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалауды Мемлекеттік энергетика және электрлендіру министрлігінің органдары іске асырады. Олар электрстанцияларды, электрлік және жылу құрылымдар мен олардың қауіпсіз күтілуін қадағалайды. Энергетикалық қадағалау барлық энергия пайдаланушылардың электржабдықтарды қондыру ережелерін, олардың техникалық пайдалануын және техника қауіпсіздігінің ережелерінің орындалуын қадағалайды.

Мемлекеттік өрт қадағалауы Ішкі істер министрлігінің өрт күзетінің бас басқармасына жүктелген. Өртқадағалау органы өндірістерде өртқауіпсіздіктің шараларының орындалуын, өрт қызметінің жұмыс қабілеттілігін және өрт сөндіру құралдардың дұрыстығын, жаңа өндірістерді жобалағанда өртқауіпсіздігінің ережелерінің сақталуын қадағалайды және жаңа объектілерді пайдалануға тапсырғанда оның қабылдауына қатысады.

Газды қадағалау газ құбырларды және жабдықтарды дұрыс жүргізуілін, оларды күтуін тексереді.

Көтеру-тасымалдау жабдықтарды қадағалау лифттердің, көтергіштердің, крандардың жұмысын қадағалайды.

Еңбекті қорғаудың кәсіподақтық қоғамдық бақылауын қоғамдық инспекторлар мен еңбекті қорғаудың кәсіподақтық комитеттері іске асырады.

Еңбекті қорғаудың комиссиясы кәсіподақтық мүшелерінен құрылады және кәсіподақтық комитетінің мүшесімен, ал, цехта - цехтық кәсіподақтық комитетінің мүшесімен басқарылады. Комиссияның басшысы, кәсіпорындардағы еңбекті қорғаудың қоғамдық аға инспекторыда қатар болады. Комиссия әкімшіліктің еңбекті қорғау құқықтарын сақтауын бақылайды, еңбекті қорғаудың келісімдерінің орындалуын тексеруге қатысады, жазатайым жағдайлардың және кәсіби аурулардың себептерін зерттейді.

Қоғамдық инспекторлар еңбекті қорғау және өндірістік санитарияның нұсқауларын жұмыс орындарында уақытылы жүргізгенін бақылайды, жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін тексереді, жұмысшыларды арнаулы киіммен қамтамасыз етуін қадағалайды, өндірістегі болған жазатайым жағдай туралы тез арада қоғамдық аға инспекторына хабарлайды, жұмыс салалардың жетекшілерінен еңбек құқықтарының бұзылуын жоюға талап етеді.

Еңбекті қорғаудың әкімшілік-қоғамдық бақылауды шұғыл бақылау схемасы бойынша мамандардың немесе ұйымдардың әкімшілігі мен кәсіподақтық ұйымдары бірлесіп жүзеге асырады.

Ұйымдарда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады.

Мемлекеттік еңбек инспекторларына:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы - Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының мемлекеттік еңбек инспекциясының басшысы;

2) мемлекеттік еңбек инспекциясының бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік еңбек инспекциясының лауазымды адамдары;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың бас мемлекеттік еңбек инспекторы - еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік еңбек инспекциясының облыстық, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

4) мемлекеттік еңбек инспекторлары - мемлекеттік еңбек инспекциясы органының облыстық, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары жатады.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңмен қорғалады және Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мемлекеттік еңбек инспекторына қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтірген тұлғалар ҚР заңдарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекеттік еңбек инспекциясының негізгі міндеттері:

- ұйымдарда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

- қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мәселелері бойынша қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау болып табылады.

Кәсіподақ, өзінің мемлекеттік қадағалау функцияларын еңбек қауіпсіздігі бөлімдері, техникалық және құқықтық инспекциялары арқылы орындайды. Кәсіподақтық техникалық инспекторлар ережелердің, нормалардың орындалуын қадағалайды, бақытсыз жағдайларды есепке алуының дұрыстығын бақылайды, олардың топтық, ауыр және ажалды жағдайларын тергейді.

Техникалық инспекторлар құрылыс объектілерге, өндірістерге және әкімшілікке кез келген уақытта еңбекті қорғаудың жағдайын тексеру мақсатымен баруға; әкімшіліктен еңбекті қорғаудың керекті құжаттарын талап етуге және түсінік алуға; қызметкерлердің денсаулығына және өміріне қауіп төнгенде өндірістік салалардың жұмысын тоқтатуға және айыпкерді жауапқа тартуға құқықты.

Кәсіпорындарда *ішкі бақылау* еңбек жағдайларының жай-күйін қадағалауды ұйымдастыруды, өндірістік бақылаудың деректеріне жедел талдау жүргізуді, тәуекелдерді бағалауды және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды жүргізеді.

Жұмыс беруші жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды сақтау және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жедел шаралар қабылдау мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асырады.

Жұмысшыларының саны 50-ден асатын өндірісте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтау үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құрады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі өз мәртебесі бойынша негізгі өндірістік қызметтерге теңестіріледі.

Жұмысшыларының саны 50-ге жетпейтін жұмыс беруші қызмет ерекшелігін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мамандық лауазымын енгізеді не еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі міндетті басқа маманға жүктейді.

Өндірісте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кәсіпорында қоғамдық бақылауды кәсіподақ комитеті, ал кәсіподақ болмаған кезде қызметкерлердің жалпы жиналысы сайлайтын еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор жүзеге асырады. Жұмысшылардың республикалық, салалық, өңірлік бірлестіктері кәсіпорындарда еңбек заңнамасының сақталуын қоғамдық бақылауды ұжымдық шарттарда бекітілген жағдайда жүзеге асырады.

Әрбір министрлік өзіне бағынатын өнеркәсіптерде еңбекті қорғау жөнінде салалық бақылау жүргізеді.

Кәсіпорындарда еңбекті қорғауды *үш сатылы бақылаудан* тұрады:

- жұмыс орындарда күнделікті бақылау (цехта бақылауды мастер өткізеді)
- цех, лаборатория деңгейінде апта сайын тексеру.
- кәсіпорын деңгейінде (таңдалған бір цех комиссиямен тексеріледі), оның мүшелері: бас инженер, еңбекті қорғау бөлімінің басшысы, бас маман (технолог немесе энергетик).